

# ЫНТЫМАҚ - ЫРЫС ҚАЗЫҒЫ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары! Баршаңызды 1-Мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мазмұны бөлек, мәні ерек осынау мейрам қазақстандықтардың ұлты мен діни нанымына қарамастан ел бірлігінің, мызғымас достығының символына айналды.

Сондай-ақ биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға. Өйткені осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға, тыныштықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты. Осы орайда біздің Сарқан ауданында тұратын ондаған этнос өкілдері Жетісу халқының бірлігін арттыруға, этносаралық келісімді сақтауға өзіндік үлестерін қосуда.

Құрметті жерлестер! Туған жеріміздің берекесі мен бірлігін, ынтымағы мен ырысын еселеуге атсалысып жүрген сарқандықтардың өзара жарасымы мен сыйластығы артып, достығы жалғаса берсін! Баршамыздың басты міндетіміз – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Осы жолда «Біздің күшіміз бірлікте» деген ұранды ту етіп, ел ырыздығын еселеу жолында аянбай еңбек етейік. Жетістіктеріміз мол, болашағымыз жарқын болсын, ағайын!



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• [www.sarkan-gazeta.kz](http://www.sarkan-gazeta.kz)

• e-mail: [Igiman01@mail.ru](mailto:Igiman01@mail.ru)

• №17 (95122) 2 мамыр 2025 ж.



Қадірлі отандастар!

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи мәнамызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл



## БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді.

Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа

сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

(Жалғасы 3-4 беттерде).



## СЕНБІЛІККЕ 11 МЫҢНАН АСТАМ ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН ҚАТЫСТЫ

Жетісуда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында сенбілік ұйымдастырылып, оған жалпы саны 11 мыңнан астам жетісулық тұрғын қатысты - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сенбілікте облыс әкімі Бейбіт Исабаев, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, ауылдар мен қалалардың тұрғындары болды. Тазалық шарасында облыс аумағындағы елді мекендер түгел қамтылып,

көшелердің бойында, саябақ, сквер, аллеяларда санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы осы күні облыс бойынша сенбілікке 11 490 адам, 66 техника жұмылдырылып, 788 тонна қоқыс шығарылды.

- Бүгін сенбілікте Талдықорғандағы Назарбаев көшесінің бойында Қаратал өзенінің маңын тазарттық. Әр сенбіде өткізілетін мұндай шаралар қала тазалығына, экологиялық мәдениетімізді қалыптастыруға өзінің жақсы әсерін тигізеді деп ойлаймын. Оған қоса сенбі күндері отба-

сы мүшелерімен бірге өз тұрғын үйіміздің маңайын тазалауды да тұрақты дәстүрге айналдырдық. Жалпы мұндай сенбіліктер қоршаған орта үшін де, тұрғындардың өзі үшін де пайдалы екенін ұғынып, әрқайсымыз да үлес қосуымыз керек, - дейді қала тұрғыны Маржан Серікбаева.

Көктемгі тазалық шараларымен қатар бұл күні көгалдандыруға да көңіл бөлінді. Жалпы биыл 120 мың көшет отырғызу жоспарланған, соның ішінде



бүгін «Бәріміз бірге» акциясының аясында 1 360 ағаш отырғызылды, соның 1 160-ы жапырақты, 200-і қылқан жапырақты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Сонымен қатар облыс әкімінің тапсырмасы бойынша аталған саланың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, ветеринария қызметінің мамандарына жұмыс істеуге қолайлы

## ЗАМАНАУИ ВЕТПУНКТТЕРДІҢ САНЫ 5-ТЕН 50-ГЕ ЖЕТТІ

Жетісу облысы құрылғанға дейін өңірде жаңа заман талабына сай салынған 5 ветеринарлық пункт болса, бүгінгі күні олардың саны 50-ге жетті, соның 49-ы – ветпункт, 1-еуі – ветстанция. Ал биыл тағы 17 ветпункт пен 3 ветстанция салу жоспарланып отыр. Сөйтіп, келесі жылы өңірде ветеринарлық пункттер жетіспеушілігі мәселесі толықтай шешіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

жағдайлар жасалды.

Атап айтқанда, облыс құрылғаннан бері 45 арнайы автокөлік, 217 компьютер, 238 планшет және басқа да қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Биыл тағы 22 арнайы техника сатып алынады. Оған қоса сала мамандарының жалақысы да өсті. Мәселен, орташа жалақы ветеринар дәрігерде - 327 мың теңге, фельдшерде – 206 мың теңге, санитарда – 208 мың теңге.

Облыс аумағында бүгінгі күнгі 2,5 млн бас ауыл шаруашылығы жануарлары бар, олардың барлығы бірдейлендіріліп, компьютерлік дерекқорға енгізілді.

- Қазір ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қорының «ISZH-Mobile» мобильді қосымшасы іске қосылғаннан кейін ветеринар дәрігерлерге планшеттер сатып әперілді. Планшетпен жұмыс істеу біздің жұмысымызды біршама жеңілдетті әрі жеделдетті деуге болады. Үлкен шаруашылықтарды, жеке аулаларды аралау барысында атқарылған жұмыс, яғни малды тіркеу, профилактикалық іс-шаралар, екпе жасау бірден сол жерде планшет арқылы базаға енгізіледі, - дейді «Ветеринарлық пункттері бар Талдықорған қаласының ветеринарлық



станциясының» ветеринар дәрігері, осы салада он үш жылға жуық уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан Айгерім Бекбосынова.

Жалпы өңірде алдын ала шараларына, соның ішінде заманауи диагностикалық зерттеулерге, екпе жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының қолайсыз ошағының саны 12-ден 4-ке азайтылды. Сонымен қатар 26 көмінді ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестендірілді. Биыл да бұл жұмыстар жалғасуда.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



## Азияның клубтық Чемпиондар лигасындағы тұңғыш алтын медалін иеленгі

«Жетісу» Филиппин елінде волейболдан әйелдер командалары арасында өткен Азияның Чемпиондар лигасында топ жарды. Ақтық сында талдықорғандық спортшылар вьетнамдық «Бин Дьен Лонг» командасын 3:1 есебінен ұтып, өз тарихында тұңғыш рет Азия Чемпиондар лигасының алтын медаліне қол жеткізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, «Жетісу» командасы бұған дейін Азияның клубтық Чемпиондар лигасына тоғыз рет қатысып, екі мәрте – 2010 және 2013 жылдары күміс медаль алған болатын. Ал биылғы чемпионатта алтыннан алқа тағып, осылайша жетісулық команда алдағы қыркүйекте Таиландта өтетін клубтық Әлем чемпионатына жолдама алды.

Атап өтсек, Азия Чемпиондар лигасына Қазақстан, Таиланд, Филиппин, Қытай, Вьетнам, Қытай, Гонконг, Иордания және Иранның үздік әйелдер клубтары қатысқан болатын.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

### • Жер аманаты

## Жер мақсатына сай пайдаланылуы тиіс

Жуырда Сарқан ауданына арнайы сапармен ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Бақытжан Жұмабекұлы Базарбек пен Мұрат Абдуламитұлы Әбенев келіп, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиал ғимаратында азаматтармен кездесті.

Мәжілісмендермен бірге аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев, «АМАНАТ» партиясының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау басқармасының басшысы Марат Қаженов келіп, тұрғындармен басқосу өткізді.

Жиылысты ашқан АМАНАТ партиясының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын кездесудің мақсаты мен міндетін таныстырды.

Мәжілісмен Бақытжан Базарбектің айтуынша «Жер аманаты» комиссиясы қызмет атқарған үш жылдың ішінде он миллион гектардан асатын жерді мемлекет меншігіне қайтарған. Халық қалаулысы ауыл тұрғындарының тыныс-тіршілігі жермен тығыз байланысты болғаннан кейін ең негізгі мақсат халықты жермен толыққанды қамтамасыз ету екендігін айтты.

Өз кезегінде, Мұрат Әбенев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмысы қарқынды жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бұл ретте, «АМАНАТ»-тың басым міндеттерінің бірі – қайтарылған жердің халық арасында әділ бөлінуіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету.

Бақалы ауылының тұрғыны Ерлан Тоқмурзиннің айтуынша, ауылдық округтен 2005 жылы «Март-Агро» ЖШС 4328 гектар тәлімді және 442 гектар жайылым жер, «Сарқан-Агро» ЖШС 408 гектар суармалы жер, «Сарқан МТС-Агро» ЖШС 559,6 гектар суармалы жерді өз меншіктеріне алып алған. Жоғарыда аталған шаруашылықтардың ауылға ешқандай пайдалары жоқ, елді мекенге инвестиция салмайды, қайырымдылық көрсетпейді. Жерлерін жалға беріп, оны өздері игермейді. Ауылдан қаншама тұрғын жер ала алмай жүргенін жеткізген аталмыш азамат осы мәселені шешіп беруін жеткізді.

«Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек жер нақты іспен айналысатын тұлғаларға берілуі керектігін айтып осы мәселені қадағалауға алып жұмыс атқаратынын жеткізді.

Келесі сөз сөйлеген Пограничник ауылының тұрғыны Бақтыбала Дүйсембекова жиырма жылдан аса шаруашылық жүргізіп келе жатқанын айтып, ауқымды жер алған шаруашылықтар өздеріне тиесілі алқапты игермейтінін, ал нағыз шаруа адамына қажетті жер участогы жоқтығын тіліне тиек етті.

«Әр учаске мақсатына сай пайдаланылуы тиіс. «Жер аманаты» комиссиясының басты міндеті – заңсыз берілген жерлерді қайтару. Осы бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғаса береді», - деді мәжіліс депутаты Бақытжан Жұмабекұлы.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

Сарқан аудандық кітапханасында 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні қарсаңында «Этносаралық қатынастар саласындағы этномедиация» тақырыбында ауқымды семинар өтті. Келелі кеңеске Сарқан аудандық сотының судьясы Римма Алдабергенова, аудан прокурорының орынбасары Әділет Сабырбаев, құқық қорғау саласының өкілдері, Сарқан политехникалық колледжінің ұстаздары мен білімгерлері, Қарауылтөбе орта мектебінің оқушылары және т.б. қатысты.



## Этносаралық қатынастар саласындағы этномедиация

Семинар модераторы аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов келген қонақтарды таныстырып, халықтар бірлігін қалыптастырудағы этномедиацияның маңыздылығын атап өтті.

Тақырып аясында сөз алған аудан прокурорының орынбасары Әділет

Асқарұлы білімгерлерді достыққа, береке-бірлікке шақыра келе көп этносты мемлекетіміздің дамуында тұрақтылықтың негізі - ауызбіршіліктің маңызды орын алатын өз сөзіне арқау етті. Келелі кеңеске қатысқан Сарқан ауданының қоғамдық медиаторы Күлшарбан Қалиева аудан

тұрғындарының ынтымағы мен бірлігін нақты мысалдармен жеткізіп, жан-жақты ашып берді.

Сарқан политехникалық колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Анаргүл Өмірбекова білім ордасында 8 түрлі ұлт өкілдері оқитынын, бұл осы бағыттағы жұмыстарға жіті

көңіл бөлу керектігін жеткізсе, аталмыш колледж қабырғасында құрылған «Студенттік Ассамблея жастары» ұйымының жетекшісі Марина Мельникова қоғамдық ұйымның қазіргі таңда атқарып жатқан жұмысын баяндады.

Бұдан соң практикалық жұмысқа уақыт беріліп, «Қоғамдық келісім» КММ басшысының кеңесшісі, педагогика және психология ғылымдарының кандидаты Алтын Жамбылқызы «Этномедиация психологиясы» тақырыбында баяндама жасады. Қарауылтөбе орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әсем Абзалбекованың оқушылары қойған театрландырылған көрініс шынайылығымен көрермендерін баурап, ыстық ықыласын тудырды.

Семинар қатысушыларының ойын бір арнаға тоғыстырған мазмұнды кеңес қорытындысында сергітетін ойын ойнатылып, осы тақырып аясында көпшілік пікірі ортаға салынды.

**Партия ЖЕҢІСХАН.**

# БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномедиация институтына тоқталғым келеді.

Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Бытыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Өлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге белсене кіріскенін атап өтті.

Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәслихат депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва, Вадим Басин, Александр Хмелёв, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал аза-

маттары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспалдақ деуге болады.

Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын.

Туған жерге пайдамды тигізсем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтық үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде жыл бойы лайықты еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останкович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекетімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни, 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстырып, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек. Енді бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталайын.

**Біріншіден**, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Бытыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруге тиіміз. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік қонақтар да баратын туристік бағыттар картасына енгізген жөн. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедиация саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

**Екіншіден**, ақпараттық кеңістікте бірлік

мен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

**Үшіншіден**, «Бірлігіміз – әралуандық» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни, ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бөрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын.

Наталья Дубс ханым театр мен мәдениет саласына техникалық мамандарды даярлау мәселесін орынды көтеріп отыр. Бұл бастаманы зерттеп, оны жүзеге асыруға көмектесу қажет.

Соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономикада жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгеріп бастады. Соңғы жылдары саяси оқиғаларға баға беру тұрғысынан халқымыздың көзқарасы да жаңа сипатқа ие болды. Алға қарай адымдап қадам басты деуге болады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі біздегі қоғамдық келісім үлгісіне де тың талаптар қояды. Кеше ғана тиімді саналған әдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін.

Бізге ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделеу қажет. Ең әуелі, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды өрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратынына сенімдімін. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты кепілі. Барлығымыз қал-қадерімізше бейбітшілікті сақтауға атсалысамыз. Мен бұған дейін барлық әкімдерге тұрақты түрде этносаралық, ұлтаралық келісім мәселесіне арналған жиналыс өткізіп тұруды тапсырдым. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі эт-

нос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендімізге», беткеұстар жетістігімізге айналды.

Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діні нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Өрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бұл жөнінде журналист Алла Гаврина дұрыс пікір айтты. Меніңше, ол басқа да әріптестерінің атынан өте жақсы ұсыныс білдірді.

Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Биыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын болады.

Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырмыз.

Бытыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне ірікті салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады.

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатушы жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасқа болмайды. Бұл Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды бопсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттері әшкереленді. Сонда олардың арам ниеті, ашкәздігі мен Қазақстанға жаны ашымайтыны анық көрінді. Сондай-ақ кейбір танымал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі әрекеттері де белгілі болды. Қазақстанда проблема жоқ демеіміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар.

(Жалғасы 4-бетте).

# БІРЛІГІМІЗ - ӘРАЛУАНДЫҚТА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1,3-беттерде).

Бірақ біз оны әлдекімдердің үйретуімен немесе әдістемесімен емес, өзіміздің ұлттық мүддеміз бен заңнама аясында шешеміз. Осындай қисынды әрекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік – біздің дүниетанымымызға мүлде жат. Дәстүріміз бен құндылықтарымыз, болмысымыз бен өмір салтымыз ұлтымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді.

Көк паспортымыз ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналды. Жыл өткен сайын төлқұжатымыздың абырой-беделі көтеріліп келеді. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсетеді. Әр құрлықтағы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты тұру немесе демалу үшін біздің елді жиі таңдайтын болды. Бұл – кездейсоқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналамыздағы көптеген мемлекеттердің бөрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индексында «Тәртіп пен қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінен 43 орынға табан тіреді.

Мұның бәрі Қазақстанды жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейту – баршаға ортақ парыз. Менің бастамаммен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан», бұл – біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек. Таза я тазалық, бұл – киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Біз «Қазақстан – ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл – өте тиімді әрі пайдалы жұмыс. Тазалық әр үйден басталуы керек. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады. Сондықтан бүгін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсене қатысуға шақырамын. Бұл – жай науқан емес, бұл – өскелең ұрпаққа озық білім мен тәлім-тәрбие беру деген сөз.

Еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іске әр қаланың, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керек. «Таза Қазақстан», бұл – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді.

Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі – ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз.

Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол буыннан тараған миллиондаған адам – қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның

негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл – Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл-күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда.

Бірақ күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өттік. Шуақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда – I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл – сирек қайталанатын құбылыс. Орайлы сәтті пайдалана отырып, еліміздегі барша христиандарды осынау мерекемен тағы да құттықтаймын. Шетелдік қонақтар Қазақстанда түрлі салт-дәстүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына таң қалады. Бұл олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, батыс әлемі жаһанданудан бас тартып, оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізден мәдениетті жатсынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бәрлігі айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Масленица», «Сабантой» және басқа да халықтық мерекелер ас ішіп, аяқ босатын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, әдет-ғұрпы осы жиындарда тоғысады. Бұл – «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі.

Қазақ қашанда көршісін қадірлі елген. Қуанышта да, қиындықта да көршісіне сүйенген, көршінің қасынан табылған. «Көрші ақысы – тәңір хақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар. Бұл – бізге атадан қалған өсиет, анадан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі әлі де жалғасып келеді. Қоныстас адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді.

Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыры да тереңде жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алатауды тең жайлаған қырғыздар – бір туған бауырларымыз. Ежелден еншілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түрікмендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз. Қарт Каспийдің жағасындағы әзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше. Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамдықта түйткілді мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны әуел бастан дау-дамайсыз шегендеп алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған былтыр Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекке тұрып, қан тапсырды. Әзербайжан Елшілігіне барып, ұл шоқтарын қойды. Бүкіл әлем халқымыздың ғұлымдылығы мен жанашырлығына тәнті болды. Халқымыздың жүрегі – кең, пейілі – ақ, ниеті – таза. Мейірімділік, қамқорлық және тілеуестік – біздің ұлттық ерекшелігіміз. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, өскелең

ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

**Құрметті сессияға қатысушылар!**

**Қадірлі отандастар!**

Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға – Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Бұл бұл мерейтойды кең көлемде атап өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті.

Ұлы Жеңістің тағылымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағидаттарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұрдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін әлі күнге дейін көрсетіп отыр.

Бірақ күн бұрын менің тапсырмаммен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, жаңа және атауы қайталанатын көшелерге басымдық беріледі. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам.

Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызы адал және антқа берік болғанын ұмытпау деген сөз. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында екі мыңнан астам мәдени, ғылыми-зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, әрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңгерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады.

Өкінішке қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалады. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келеді. Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ ғаламдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркениетті диалогты дамытуға дәнекер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конфессиялардың өкілдері әр үш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті VIII съезін өткізу жоспарланып отыр.

Былыр Астанада Съездің Ізгілік елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, әлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек. Өртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдегі диалог пен мәдени әралуандықты нығайтуға қызмет етеді. Бүгінде әлем жалпыға ортақ өрлеуге бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отыр. Қазақстан барлық серіктесімен көпжоспарлы әрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

Берекесіздікке бой алдырмау үшін әлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог жоқ жерде, қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық

ықпалдастық арқылы ғана жеңе аламыз деп сенемін. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады.

Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек.

Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популистер мен саясаткерсімақтар бар. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ.

Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та арта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бөріні еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйіп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеуестік болуы керек. Әр істе темірдей тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаңызға мәлім, Заң мен тәртіп – менің стратегиялық бағдарымының арқауы.

Мен әр сөйлеген сөзімде осы қағидаттарға арнайы тоқталамын. Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де – осы.

**Құрметті Ассамблея мүшелері!**

Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен төзбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз.

Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары.

Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз.

Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз. Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға. Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін. Біз халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсетеміз. Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да ел игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Мен бүгін бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Енді салтанатты ресімге көшейік.

Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін!



# Атамның ерлігі - менің мақтанышым

**Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына санаулы күндер қалды. Осы бір қасіретті соғыстың зардабы тимеген бірде-бір отбасы болмаған. Мыңдаған азамат майдан даласына аттанып, туған жерін қорғау жолында жанын қиған. Сол сұрапыл күндердің ауырталығын менің атам да бастан өткерген.**

Менің атам – Дәулетбайұлы Қабдолда 1922 жылы Сарқан ауданы, Көкөзек совхозында дүниеге келген. Соғыс басталғанда небәрі 19 жастағы бозбала болатын. Ел басына күн туған қиын шақта атам да көппен бірге Отан қорғауға аттанып, жастық шағын майдан даласына арнады.

Атам соғыс туралы көп сөйлемейтін. Әкем мен туыстарым соғыс жайлы сұрағанда, “Сендер соғысты білмей-ақ,

көрмей-ақ қойыңдар” деп қана жауап беретін көрінеді. Бұл сөздің астарында қаншама ауыр естеліктер, қайғы мен қасірет жатқанын біз сезетінбіз.

Апамның айтуынша, атам майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін Сталин атындағы алғыс хаттармен, “Ерлігі үшін”, “Жауынгерлік ерлігі үшін” медальдарымен және “Қызыл жұлдыз” орденімен марапатталған. Атам Белград, Трентов, Гульцов, Плоте, Ревж және Берлин қалаларындағы қиян-кескі шайқастарға қатысқан. Сол соғыстардың бірінде екі мәрте ауыр жарақат алғанымен, сауығып майданға қайта оралып, соғыс аяқталғанша жауынгерлік міндетін жалғастырған.

Жеңістен кейін елге аман-есен оралған атам 1947 жылы апаммен танысып, отбасын құрған. Олар он бала тәрбиелеп өсіріп, бақытты, өнегелі әулет

құрған. Атам туған жерінде аянбай еңбек етіп, Көкөзек совхозының құрметті азаматына айналды. Ал апам — «Алтын алқа» иегері, он баланы жеткізіп, қиын-қыстау заманда ешбіріне жоқшылық көрсетпей, бәрінен үлгілі азаматтар өсіріп, нағыз батыр ана атанған жан.

Атам 1983 жылы 12 ақпанда 61 жасында дүниеден озды. Атам сол кезде 53 жаста еді. Атамның өмір жолы, ерлігі мен еңбегі — біз үшін мәңгілік өнеге.

Бүгінде атамның қос ұлы — менің екі әкем де әскери қызметті таңдап, әке жолын жалғастырып, ел қорғау ісінде қызмет етті. Ағаларым — Қуаныш, Қайрат, Жасұлан, Бағлан, Берік, Ринат, Алмат еліміздің тыныштығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Ал мен — атамның тікелей ұрпағы, батырдың немересі ретінде оның есімін мақтанышпен арқалап, ел қорғауға дай-



ынмын. 9 мамыр – Жеңіс күні атамның ордендері мен медальдарын кеудеме тағып, парадқа шыққанда, өзімді нағыз батырдың ұрпағы екенін сезінемін.

Мен — Қабдолда Дәулет, батыр атамның атын өшірмей, ерлігін жалғайтын қазақтың ұлымын!

**Дәулет ҚАБДОЛДА,**  
Абай атындағы мектеп-гимназиясының 10 ә сынып оқушысы.

## Мен атамның ерлігімен мақтанамын!

**Б**иыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында менің атам Нұрсұлтан Есеболатовтың ерлігі жайында айтамын. Атамыз 1913 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Діңгек ауылының Қызылқайың елді мекенінде дүниеге келген.

1941 жылдың маусымында әскер қатарына шақырылып, Алматыда құрылған 316 атқыштар дивизиясына түседі. 1075- полк, 4 рота, 2-взводтың атқышы болады. 1941 жылдың 16- қарашасында саяси жетекші В.Клочков және сержант И.Добробабин басқарған танк жойғыштар тобының құрамымен кескілескен шайқаста Мәскеу облысы Волокаламск ауданы, Дубосеково жол айрығында жаудың бетін бірнеше рет қайтарады. Төрт сағатқа созылған ұрыста жаудың 18 танкісін жояды. 28 панфиловшы батырлардың көбісі осы кезде қаза болады. Ұрыста қаза болған атамыз Мәскеу облысы Волокаламск ауданы Нелидово деревнясындағы бауырластар зиратына жерленген. КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының жарлығымен неміс басқыншыларымен болған шайқаста жауынгерлік тапсырмаларды орындап, көрсеткен ерлігі үшін 1942 жылы 21 шілдеде қызыл әскер Нұрсұлтан Есеболатовқа қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин орденімен марапатталады. Атамыздың өмір тарихындағы қаһармандық ерлігін біздер ешқашан ұмытпаймыз. Бүгінде атамның атына Ақсу ауданында ауыл, көше мен мектеп атауы берілген. Алмалы ауылынан Ұлы Отан соғысы басталғанда 400-ден аса адам шақырылып, қолдарына қару алып майданға аттанған. Олардың 241-і туған елге оралмады. Ауылымыздағы соғыс ардагерлерінің құрметіне арнайы жасалған «Отан-Ана» ескерткішіндегі тізімдерді оқығанда көзіңе еріксіз жас келеді, олардың құрметке лайық екенін түсінесің.



**Өскенай БИҒҰРМАН,**  
Алмалы орта мектебінің  
7а сынып оқушысы.

**Ұлы Отан соғысының ардагері Тулепберген Құдайберген 1917 жылы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қарабөгет ауылында туған. Ой-хой жиырма бесін Украинаның сыңсыған қара ормандарында, тәкәппар Карпаттың құз-шыңдарында қалдырған. Қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, жауға жасын ойнатқан ардагерлеріміздің өміріндегі отты жылдар міне осындай. «Батыр бір оқтық» болғанымен, қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі екен.**



## ЖАУҒА ЖАСЫН ОЙНАТҚАН

1940 жылы қарашада әскер қатарына шақырылады. Батыс Украинаның Шепетовка қаласына келіп әскери міндетін жаяу әскер қатарында өтеп жүрген кезде соғыс басталып кетеді де, соғысты сол жерде қарсы алады.

–Жау құрсауын бұзып шығу біздерді зор шығынға ұшыратты. Командирлеріміз, солдаттар, майдан қолбасшысы Кирпос тағы басқалар шайқас үстінде қаза тапты,- деп еске алады Құдайберген ата. Киевті жауға бермей екі ай қорғадық. Күш тең емес еді. Жау бақайшағына дейін

қаруланған болатын. Аман қалғанымыз жау қоршауын бұзып, партизан отрядын ұйымдастырдық. Мен Ворошилов атындағы партизан отрядында Шитов біріктірген құрамының қатарында 1944 жылға дейін жау тылында соғыстым,- деп сол күндерді еске алды.

Қарт партизан бір сәт көзін жұмып ойланып отыр. Бұдан 60 жыл бұрынғы жанкешті оқиғаларды еске түсіріп жатыр. Білем, қанатын қомдап, таяғына сүйене түсіп, қиялы Украина орманын шарлап кеткендей, өңі қарайып, қатуланып, қанын

**9 мамыр – халқымыз үшін аса қастерлі күн. Бұл күн – Ұлы Отан соғысындағы жеңісті жақындатқан батырларымыздың ерлігіне тағзым ететін, азаттық пен бейбіт өмірдің қандай қиындықпен келгенін еске түсіретін күн. Сол соғыста миллиондаған адам мерт болды, мыңдаған отбасы қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешті. Ел үшін, жер үшін күресті. Соның арқасында біз бүгін бейбіт өмір сүріп жатырмыз.**

Марқұм анам Жұмагүл Ыбрайханқызының қойын дәптерінен алынған «Жеңіс күні» атты өлең жолдарынан үзінді:

Тағы міне жеңіс күні келіп жетті,  
Қуанышқа бөлеп өлемді дүрілдетті  
Содан бері мінекей 80 жыл өмір өтті,  
Кейбіреулер келместің кемесіне

мінip кетті.  
Боздақтарын шығарып сап қан майданға  
Ақ жаулықты аналар қалып жатты  
қайғы-мұңға,  
«Қара қағаз» келіп аналарды  
зар жылатты  
Қаза болып шаңырағын өртеп жатты.  
Аман қайтқан еліне қалың оттан,

## Жеңіс күні – ұрпақ жадындағы мәңгілік ерлік

Атамызды әрқашан мақтап тұтам  
Батыр атам аруағы арамызға,  
Келді бүгін тойлауға тойымызға.  
Өміріңді жалғастыра ұрпағың бар

артында,  
Құран оқып, жыр арнаған атыңа  
Қасиетті аруағыңнан айналайын  
Тағзым етіп бас иеміз рухыңа!

Сол дәптерде өлең жолдарында 53 жыл өмір өтті делінген. Сол жылдары Шатырбай ауылымыздан біраз соғысқа қатысқан ақсақалдары тірі еді. Есімдері де өлең жолдарында жазылыпты. (Өлең 1998 жылы жазылған. Өлеңге өзгеріс енгізіліп, ықшамдалып алынды).

Білеміз, бізге жеңіс оңай келген жоқ. Бүгінде біз сол жеңістің арқасында тәуелсіз ел болып отырмыз. Көк байрағымыз желбіреп, тіліміз, дініміз, дәстүріміз сақталып отыр. Бұл – ата-бабаларымыздың төккен қаны мен

ішіне тартып алған.

- Бірде фашистердің жазалаушы отрядтары біздің бөлімшені қоршап, неше күн шайқастық. Ақыры санаулы-ақ адам қалыппыз. Бір кезде немістің «Тигр» атты танктері бізге қарай зымырап келеді екен. Жанғыш заттары бар бутылкаларды біз де жаудырдық. Соның біреуіне менің бөтелкем дәл тиіп, танкіні жарып жібергені өлі есімде, - деп ата сөзін аяқтады. 1944 жылдан бастап Құдайберген ата батальоннан іріктеп алғандар қатарында НКВД-ға ауыстырылды (Ішкі істер халық комиссариаты). Ол онда «Опер уполномоченный» қызметін атқарды. Украина жері жаудан азат етілгеннен кейінде ол Степан Бендер бастаған Украинаның «ұлтшылдықтарымен», «бандиттерімен» күресті жалғастыра береді. Батыс Украина жерінде Совет Өкіметінің орнауына қарсы болған «жаулармен» күрес жүргізеді, 1946 жылы елге оралып, әр түрлі басшылық қызметтер атқарады. Ардагердің соғыстағы жанкешті ерлігімен соғыстан кейінгі елге сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, 20-дан астам ордендермен, мерекелік медальдармен марапатталған. 2010 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай балалары үлкен мерекелік той ұйымдастырды. Өкінішке орай сол жылдың шілде айында Құдайберген ата бақилық болды.

**Али БОГДАН,**  
Жетісу орта мектебі информатика пәнінің мұғалімі, әлеуметтік педагог.

жанкешті ерлігінің нәтижесі.  
Жеңіс күні – жай ғана мереке емес. Бұл – естелік күні. Бұл күні біз соғыста қаза тапқандарды еске аламыз, ардагерлерге алғыс айтамыз. Түрлі шаралар өтеді. Шерулер, әндер, өлеңдер арқылы біз батырларды еске аламыз.

Біз – Жеңістің ұрпағымыз. Осы бейбіт өмірге себепкер болған жандарға алғысымыз шексіз. Ендігі міндет – сол ерлікті ұмытпай, ел бірлігін, тәуелсіздігімізді сақтап қалу.

Мәңгілік даңқ! Ерлік ешқашан ұмытылмайды!

**Г.ТОЙШЫМАНОВА,**  
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Әл-Фараби атындағы орта мектебі информатика пәні мұғалімі.

«Мен кешеден келдім - бүгінге» деп жазып еді аға ақындарымыздың бірі. Расында да тоқсан жасқа қарай аяқ басқан ағамыздың замандастары кешеден бүгінге аман жеткенімізге іштей шүкіршілік етеді.

Рахметқалиев Болат Рахметқалиұлы 1936 жылы 26 ақпанда Сарқан ауданының Белсенді колхозында дүниеге келген. Осы колхозда 4 – сыныпты аяқтасымен бала кезінен қырманда волокуш айдап, лобогрейкада отырып, малатаспен бидай үгітіп, шөп шауып, көзін ашқаннан еңбекпен тәрбиеленген ұрпақтың өкілі. 1953 жылы Сарқан қаласында Абай атындағы Қазақ орта мектебін бітіріп, Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының инженер-механикалық факультетін 1959 жылы тәмамдаған.

1959 жылдары Андреев ауданындағы Лепсі ет-сүт совхозында машина-трактор шеберханасының меңгерушісі, 1963-1968 жылдары аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде бас инженер, 1968-1969 жылдары «Энергия» колхозында бас инженер, 1970-1977 жылдары Сарқан аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы, 1977-

# Өмірі - өнеге

1979 жылдары «Прибалхаш» совхозының бас инженері, 1979-1985 жылдары аудандық тұтынушылар қоғамы автокөлік базасының директоры, 1987-1997 жылдары «Красный Октябрь» совхозының Бірлік бөлімшесінің басқарушысы болып қызмет атқарды.

1961-1995 жылдар аралығында аудандық кеңестің депутаты, бірнеше мәрте аудандық партия конференциясының делегаты, үш мәрте облыстық партия конференциясының делегаты болып сайланған. Адал еңбек уақытында бағаланды. 1967 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл», 1972 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1973 жылы «Азаматтық қорғанысы үздігі» медальдарымен марапатталды. Сарқан ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесінде 2009



жылы «Мұқаметжан Тынышбаевтың туғанына – 130 жыл», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 75 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Дегенмен өз өңірінің өзекті бір саласының дамуына сүбелі үлес қосқан Болат ақсақалымыздың қатардағы қазақстандықтар үшін салмақты марапаты бар, ол – "Құрметті азамат" атағы.

"Жақсыға құрмет – жалпыға міндет" дейді қазақ даналығы. Халқымызда ел ағасы деген жақсы бір ұғым бар. Сондай бірегейлердің қатарында бүгінде абыз ақсақалдың есімі аталады.

«Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар» дегендей, жан жары Рахметқалиева Тұрсынхан Нұрбатырқызы жоғары білімді, Алматы қыздар педагогикалық институтының математика факультетінің түлегі, ардагер ұстаз. Екеуі Алла берген перзенттерін жақсы тәрбиелеп, өмірден өз орындарын табуына бар жағдайды жасады. Айдынды өкениң үміті ақталып, ұрпақтарының әрқайсысы әр салада жемісті қызмет атқарып жүр. Еңбегімен еленген тұлғаның әлі де өңірге берері көп деп санаймыз.

# Жоғал тынысы - қаламының ұшында

Игіман Жомарт Мақатұлы 1958 жылы желтоқсан айының 8-інде дүниеге келіп, Абай облысы Аягөз ауданы Ақтоғай стансасындағы № 55-ші орта мектепті аяқтады. Мектептен соң Талдықорған облысы Бөрлітөбе аудандық «Балқаш өңірі» газет редакциясына қызметке қабылданған. Аудармашы, тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып, 1978-1983 жылдары Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Бөрлітөбе аудандық «Балқаш өңірі» газетінің редакторы, Бөрлітөбе аудандық мәслихатының хатшысы, Сарқан ауданы әкімдігі ішкі саясат және әлеуметтік салалар бөлімінің меңгерушісі, 1998 жылдан Сарқан аудандық «Сарқан» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. Бүгінгі таңда «Сарқан газеті» ЖШС директоры, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.

Ұзақ жылғы шығармашылық еңбегінің нәтижесінде Қазақстан Журналистер одағының Ұзақ Бағаев атындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Сарқан ауданының Құрметті азаматы атанған. Бірнеше рет Сарқан аудандық мәслихатының депутаты болып сайланған.

1989-1991 жылдары Бөрлітөбе аудандық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарып, елді мекендердің тарихи атауларын қайтаруға бастамашы болды. Лепсідегі екі балабақшадағы балдырғандардың ұлт тілінде тәрбиеленуіне, Ушинский атындағы орыс мектебінде қазақсыныптарының ашылуына игі ықпалын тигізген. Бұл



өңірдегі елді мекендер, көше атаулары 1990 жылдардың алғашқы жартысында толық қазақшаланып, сол өңірге қатысты қоғам қайраткерлерінің есімдерінің жаңғыртылуына ат салысты.

1997 жылдан бастап Сарқан ауданында руханият саласында еңбек сіңіріп келеді. Елді мекендерге, көшелерге тарихи атауларды беруде бастамашыл топтың құрамында болған. Сарқан ауданының мақтан тұтар тұлғалары, әдебиет және өнер қайраткерлері Әділбек Абайділданов, Күнсайын Қуатбаев, Кәкімжан Қазыбаев, Мұхтар Арын туралы зерттеу еңбектерін жазған, осы айшықты есімдерді ұлықтауға үлес қосқан тұлға. 2006 жылы «Саялы төрім – Сарқаным («Үш қиян») атты

тарихи-ғұмырнамалық кітабы, 2008 жылы Алаш қайраткері Мұхаметжан Тынышбаевтың өмір жолы өрнектелген «Қыран қия», 2013 жылы даңқты композитор Мұқан Төлебаевтың 100 жылдығына арналған «Қанатталды» атты кітаптары жарық көрді. Аңызға айналған әулие Көтен Тәуіп Қоңырбайұлы хақында «Кие», 2024 жылы "Бөрлітөбе белестері" кітаптары, «Жүздесу», «Шарайна», «Ғұмыршырақ», «Көкжиек», «Жайқоңыр», «Егіз лебіз», «Ақжелең», «Көшкеруен», «Ұлы дала сарыны», «Асу» жыр жинақтары оқырмандар қолына тиді. 2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған "Ерлік ескірмейді: Сарқан

соғыс жылдарында", 2016 жылы «Шарболаттай шыңдаған ширек ғасыр», 2018 жылы «Күретамыр» атты деректі кітаптары жарық көрді. Сарқан ауданының жазба ақындарының шығармашылығынан «Сарқаннан ескен жыр-самал» атты жинақ құрастырған.

«Жыланды - жәннат мекенім», «Бақалы – бақ мекенім» сынды ел-жер туралы және Сарқаннан түлеп ұшқан тұлғалар жайында ондаған тарихи-деректі жинақтары бар. Сарқан ауданының 90 жылдығы қарсаңында өңірдің қасиетті жерлерін арқау еткен «Кие қонған, Қыдыр дарыған Сарқан» кітабы оқырмандар көңілінен шықты.

Абайдың 150 жылдығына, Ілиястың 100 жылдығына арналған

облыстық мүшәйралардың жүлдегері, Астананың 10 жылдығына арналған облыстық мүшәйраның бас жүлдегері, БТА Банкі ұйымдастырған Республикалық поэзия конкурсының «Шабыт» номинациясының иегері, Сәкен Сейфуллиннің 115 жылдығына арналған, Зылиха Тамшыбаеваның 90 жылдығына, «Жетісу» газетінің 100 жылдығына арналған республикалық мүшәйралардың жүлдегері. «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына – 20 жыл» мерекелік медальдарының, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «ҚР Ақпарат саласының үздігі», «Үздік өлкетанушы» төсбелгілерінің, Қазақстан Ауған соғысы ардагерлер қауымдастығының «Батыр шапағаты», «Сауап» медальдарының иегері.

Шығармашылық адамы үшін ұрпақтар сабақтастығы деген ұғым өте қастерлі болуы керек. Алдыңғы буынмен арадағы байланыс адам мен адамның арасындағы сыйластықты арттырып қана қоймай, жазушының шығармашылығына серпін беріп, әдебиеттегі дамудың бір тетігі болатыны анық. Мен де өзім құрмет тұтатын аға буын өкілдері туралы айтқанда аса бір ризашылық сезімге бөленемін. Турасын айтқанда, біздің тұлғалардың өмірбаяны - тұтас бір талантты толқынның тарихы деуге тұрады.

Ұзақ жылғы шығармашылық жетістіктерін ескеріп Жомарт Мақатұлын жер жәннаты - Жетісудың ақыны деп сеніммен айта аламыз.

Жомарт ағамыз отбасылы, зайыбы Шоманова Сайраш Қабылханқызы ардагер ұстаз, екеуі Алла берген перзенттерін жақсы тәрбиелеп, өмірден өз орындарын табуына бар жағдайды жасап, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған бақытты отбасы.

**М.КАРИПОВА,**  
**«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының директоры.**



# Мен таңдаған мамандық

Өткен аптада Сарқан көпсалалы колледжі «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында ашық есік күні арнайы іс-шарасын ұйымдастырды. Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен аталмыш шара форматы бөлек, мазмұны бай, тағылымдық мәнге ие болуымен ерекшеленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыру, жастарды осы салаға тарту және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлау бағытындағы нақты міндеттерді белгілеген болатын. Осы орайда өңірдегі еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлауда өзіндік орны бар, тарихы терең, іргелі оқу орны Сарқан көпсалалы колледжінің «Мен таңдаған мамандық» тақырыбындағы мерекелік іс шарасы мәдениет үйінің кіреберісінде көрмеден бастау алды.

Мерекелік іс-шараны Сарқан көпсалалы колледжінің директоры Мұхтар Каримов құттықтау сөзімен ашты. Мұхтар Әлібекұлы аталмыш оқу орнының толағай табыстарына жан-жақты тоқтала келе іргелі білім ордасының болашағы жарқын боларына сенім білдірді.

Әсем әуен мен күмбірлеген күй,



мың бұралған би, театрландырылған көріністен бөлек, көремендердің зеректігін, жылдамдығын сынға салған арнайы дайындалған сұрақ-жауап айдарын да айрықша атап өтуге болады. Кәсіптік оқу орнының өнегелі өткенінен сауалдар қойылып, дұрыс жауап берген көремендер колледж тарапынан арнайы дайындалған сыйлықтарға ие болды. Арнайы шараны қазіргі таңда өңірдің мәдениет саласына еңбек етіп жүрген Сарқан көпсалалы колледжінің түлектері әсем әуенмен ажарландырды. Шара барысында білімгерлер «мен таңдаған мамандықтың ерекшелігі, оның еңбек нарығындағы орны қандай?» деген сынды өзекті сұрақтарға жауап іздеді.

Әсіресе колледж студенті Өмірзақ Ернұрдың Хлип хлоп жанрында моль-

бертке салған суреті көпшіліктің ыстық ықыласын тудырды.

Сарқан көпсалалы колледжі техникалық және кәсіптік білім беруде құзыретті, бәсекеге қабілетті, мәдениет, өнер және білім беру салалары бойынша мамандарды даярлайтын аймағымыздағы іргелі оқу орны. Аудан көлемінде өткізілетін сан түрлі мәдени, рухани шаралардың шымылдығы Сарқан көпсалалы колледжі ұжымының өнерімен түрілетіндігі жасырын емес. Сондықтан осынау өнер ордасының ұлттық болмыс-бітімімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртуда, жалпы өңіріміздің өркендеуінде де өзіндік үлесі бар деп айтуға толық негіз бар. Мысалы колледждің қазақ ұлт-аспаптар оркестрі ауданымыздың мақтанышы болса, «АЙКҮМІС» би тобы

облыстық, республикалық сан түрлі өнер байқауларында жүлденің алдын бермей келеді.

Шара аясында «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй» көремендеріне ерекше әсер қалдырғаны сөзсіз. Сондай-ақ колледждің білімгерлері ұстаздарымен бірлесіп өз өнерлерін ортаға салып, біліктіліктерін паш етті.

Соңғы жылдары колледж қабырғасында жаңа мамандықтар ашылып, өңір сұранысына ие мамандар даярлау ісіне жіті көңіл бөліне бастағаны, осылайша оқу орнының кәсіп әлеміндегі көкжиегі кеңейіп келе жатқандығын айта кеткен жөн.

Өз тілшіміз.

## "Жасөспірім" жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуге

Жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, оның ішінде білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу мақсатында, ағымдағы жылдың 10 сәуірден 6 мамыр аралығында Сарқан ауданының аумағында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде екенін хабарлаймыз.



Сарқан ауданы ПБ.

### •101 ескертеді

## Көліктегі өртті қалай болдырмауға болады?

Көлік небәрі 2-3 минутта өртеніп кетуі мүмкін, ал толық жанып кету 5-7 минутта болады! Кез келген жағдайға дайын болыңыз.

#### Өрттің негізгі себептері:

- ▶ Сымдардың ақауы
- ▶ Жанармай немесе майдың ағуы
- ▶ Сөндірілмеген темекі тұқылы
- ▶ Қозғалтқыштың немесе тежегіштердің қызып кетуі

#### Өртті қалай болдырмауға болады?

- ▶ Электр сымдарының күйін үнемі тексеріп отырыңыз
- ▶ Өрт сөндіргішті салонда ұстаңыз (және оны қалай пайдалану керектігін біліңіз!)
- ▶ Машинада жанғыш сұйықтықтарды тасымалдауға болмайды

Егер жану иісі пайда болса қозғалтқышты дереу өшіріңіз

#### Егер көлік өртене бастаса:

1. Тоқтаңыз, қозғалтқышты өшіріңіз
2. Жолаушыларды қауіпсіз қашықтыққа шығарыңыз
3. Өртті сөндіргішпен сөндіруге тырысыңыз
4. 112 нөміріне қоңырау шалыңыз

Сақ болыңыз - сіздің қауіпсіздігіңіз сіздің қолыңызда!



**Е. ЖАПАРҒАЛИ,**  
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

## Мероприятие по посадке саженцев деревьев



Экологическая акция «Таза Казахстан» ежегодно объединяет тысячи неравнодушных граждан, стремящихся внести свой вклад в улучшение окружающей среды. Одним из ключевых мероприятий акции является массовая посадка саженцев деревьев, направленная на озеленение городов, восстановление лесных массивов и улучшение экологической обстановки в стране.

Деревья играют важную роль в сохранении экосистемы. Они очищают воздух от вредных примесей, обогащают его кислородом, предотвращают эрозию почвы и создают комфортные условия для жизни. В условиях урбанизации и изменений климата посадка саженцев становится не просто доброй традицией, а необходимой мерой по сохранению природы.

В рамках акции «Таза Казахстан» сотрудники РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП» совместно с волонтерами, студентами, работниками различных организаций и местными жителями приняли участие в субботниках. Участники высаживали молодые деревья в парках, дворах, вдоль автотрасс и в лесных зонах.

Перед началом посадки специалисты национального парка проводили инструктаж, разъясняя правила правильной высадки саженцев и ухода за ними. Каждый участник получил возможность внести личный вклад в озеленение родного края. Многие учебные учреждения приходили на мероприятие с учениками, прививая им любовь к природе и ответственность за её сохранение.

Благодаря проведенной акции высажены тысячи деревьев по всей стране. Однако посадка саженцев — это лишь первый шаг. Важно следить за их ростом, ухаживать за деревьями и поддерживать экологическую инициативу на постоянной основе.

«Таза Казахстан» — это не просто акция, а движение, которое меняет отношение общества к природе. Чем больше людей присоединится к таким инициативам, тем чище и зеленее станет наша страна.

Каждый из нас может внести свой вклад в защиту экологии: участвовать в посадке деревьев, убирать мусор, экономить ресурсы и привлекать других к заботе о природе. Только совместными усилиями мы сможем сделать Казахстан чище и комфортнее для будущих поколений.

**Ю. СТЕПАНОВА,**  
инженер по экологическому просвещению Отдела рекреации, экологического просвещения и туризма РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».



## Ер есімі - ел есінде

Алмалы ауылдық мәдениет үйінде Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 80 жылдығына орай "Ер есімі-ел есінде" атты дөңгелек үстел өтті. Шара аясында Отан үшін от кешкен жерлес батыр ағаларымыз жайында баяндама жасап, тағылымды тарихты жұрт жадында жаңғырттық.

Ұлы Жеңіс біз үшін тек тарихи дерек емес, ол - бүгінгі бейбіт өмірдің бастауы, батырларымыздың есімі мәңгі ел жадында. Осындай тағылымды шаралар арқылы біз жастарды елжандылық пен рухани құндылықтарға баулимыз. Бейбіт күнде өмір сүріп жатқан өскелең ұрпақтың парызы - сол бір ауыр жылдарды ұмытпай, ерлікке толы тарихымызды келер ұрпаққа дәріптеу.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығында біз бейбітшіліктің, татулық пен бірліктің қадірін терең сезінеміз. Бұл тек мерекелік күн ғана емес, бұл - ардагерлерге тағзым ету, тарихқа құрмет білдіру. Аталмыш шара осындай асқақ ұғымдарды ұлықтауымен құнды болды.

Алмалы ауылдық мәдениет үйі.



## Спорт – нашақорлыққа қарсы!

Жақында Ақын Сара атындағы орта мектепте мұғалімдер мен оқушылар арасында "Спорт – нашақорлыққа қарсы!" атты футбол жарысы өтті.

Жарысқа барлығы 5 команда қатысып, тартысты әрі қызықты ойын өрнегін көрсетті. Шара мектептің менторы Ө.Нұрдәулетовтің бастамасымен және спортты дамыту мен бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу бөлімімен бірлесе ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулу, спортқа деген қызығушылығын арттыру және зиянды әдеттердің алдын алу. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар белсенділік танытты. Мұндай шаралар ұжымдық рухты нығайтып, денсаулықты сақтауға үлкен үлес қосады.

Өз тілшіміз.

## Кітап зажайып әлем

Жуырда Көктерек ауылдық кітапханасында М.Мәметова атындағы орта мектептің 2, 3, 5 сынып оқушыларымен 23 сәуір «Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай «Кітап ғажайып әлем» атты әдеби кафе өтті. Әдеби кафеге келген оқырманға кітапханашы кітап мәзірін ұсынды. Шара барысында балаларға арнап қызықты кітап көрмелері ұйымдастырылып, әртүрлі жанрдағы шығармалар таныстырылды. Қатысушылар сүйікті кітаптары туралы ой бөлісіп, тақпақтарын жарыса айтты. Сонымен қатар, әдеби ойындар және сұрақ-жауаптар арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығы артты. Әр кітапты қызығушылықпен қарап, өзіне қажетті мәліметпен танысып, ұнаған кітабын оқуға алды. Мақсаты - кітап оқудың маңыздылығын насихаттау арқылы оқырмандардың білімге, рухани құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру.




Ж. БАЙБАРАКОВА,  
Көктерек ауылдық кітапхананың кітапханашысы.

## Өен туған күн, мерекелімен!

Бақалы ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, іргелі шаруа қожалығының басшысы **Бекбатыров Қозы Төлтайұлын** 1 мамыр күні 70 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз. Сөзсіз бұл мерейтой үлкен өмір жолының, мағыналы ғұмырдың, даналық пен мол тәжірибенің көрінісі. Осынау мерейлі шақта туған күн иесіне зор денсаулық тілеп, бала-шағасының ортасында қызық-қуанышқа бөленіп жүре беруін тілейміз. Әр күніңіз қуанышқа, жақсылыққа толы болсын. Бұл мерейтойыңыз берекенің бастамасы болып әлі де жарқын күндер, қуанышты сәттер көп болғай!

Құтты болсын 70 жасыңыз,  
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.  
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,  
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!  
**Ізгі тілекпен: аудандық Ардагерлер ұйымы.**



Қарауылтөбе орта мектебінің қызметкері **Мамбетбаева Мая Тоқтарбекқызы!** Сізді 50 жас мерей тойыңызбен құттықтаймыз! Сізге осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы болуды тілейміз! Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толы, аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық, қуанышыңыз мол болсын! Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Елу деген толы той мен думанға,  
Тау секілді көрінеді тұлғаң да.  
Құшақ-құшақ гүлін алып келіпті,  
Ақ көңілмен туған-туыс, ұжымдас.  
**Ізгі тілекпен: Қарауылтөбе орта мектебінің ұжымы.**

## Хабарландыру/Объявление

► **ПРОДАЕТСЯ ДОМ** по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсиздик 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.

► Шаруа қожалығын жүргізу мақсатында Ақсу ауданы, Қарасу ауылдық округі, Есеболатов ауылында орналасқан аумағы 5 га, 13,98 га, 165,3 га және 25 га **ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ САТЫЛАДЫ немесе ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ. Қосымша сұрақтар бойынша тел: 87071824645, 87021824645.**

► **Жекеше нотариус Турусбекова Абзалхан Имангельдиновна тарапынан Шетиев Алмас Жантемировичтің атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлаймыз.**

## Объявление

С «28» апреля по «20» мая 2025 года предусматривается проведение обработок узкалистного лоха (джигида) против вредителя леса «черного листоеда» на территории государственного лесного фонда КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» на площади 1700 га.

Заказчиком услуг является КГУ «Борлитобинское лесное хозяйство» ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу».

Поставщиком услуг является ТОО «ЗаРа Гранд».

Обработки очагов вредителей леса осуществляются авиационным способом, путем опрыскивания.

Мероприятия будут проводиться методами не оказывающие отрицательного воздействия на состояние лесов. Целью обработок является обеспечение благоприятной санитарной обстановки на территории лесного фонда.

При осуществлении мероприятий по ликвидации очагов вредителей леса используются препарат Борей с.к. (имidakлоприд, 150 г/л + лямбда-цигалотрин, 50 г/л), норма расхода 0,3 л/га согласно технической спецификации и списку пестицидов разрешенных к применению на территории Республики Казахстан, с учетом климатических факторов и безвредные для людей, птиц и животных.